

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 16 ақпандағы N 185 қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 18 қазандағы № 1116 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 18.10.2013 № 1116 қаулысымен (алғашқы ресми жарияланғанынан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

"Қазақстан Республикасында зейнетақымен қамсыздандыру туралы" Қазақстан Республикасының 1997 жылғы 20 маусымдағы Заңын іске асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 1999 жылғы 15 наурыздағы N 245 қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1999 ж., N 9, 69-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Міндетті зейнетақы жарналарын есептеудің, ұстап қалудың (қоса есептеудің) және жинақтаушы зейнетақы қорларына аударудың ережесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналарын ұстап қалу және төлеу мынадай ставкалар бойынша жүзеге асырылады:

заңды тұлғалар, сондай-ақ жалдамалы қызметкерлердің еңбегін пайдаланатын жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар - материалдық, әлеуметтік игіліктер немесе өзге де материалдық пайда түрінде жұмыс беруші берген кірісті қоса алғанда, жұмыс беруші қоса есептеген ақшалай немесе заттай нысандағы ай сайынғы кірістің он пайызы мөлшерінде. Міндетті зейнетақы жарналарын есептеу үшін қабылданатын ай сайынғы кіріс ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен аспауы тиіс;

жеке кәсіпкерлер, адвокаттар мен жеке меншік нотариустар өзінің пайдасына - мәлімдейтін кірісінің он пайызы мөлшерінде, бірақ ең төменгі айлық жалақы мөлшерінің он пайызынан кем емес және ең төменгі айлық жалақының жетпіс бес еселенген мөлшерінен артық емес.";

мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Салық кодексінің 144-бабы 1), 3), 8), 10), 11), 15), 16), 17), 23), 25), 26), 27), 29), 31-1), 34) тармақшаларымен және 316-бабы 1-тармағының 4), 5) тармақшаларымен белгіленген төлемдерден жинақтаушы зейнетақы қорларына міндетті зейнетақы жарналары ұсталмайды.";

35-1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"35-1. Міндетті зейнетақы жарналары бойынша берешек құралған кезде салық органдары хабарлама жіберілген күннен бастап бес жұмыс күні ішінде б ө л е к - б ө л е к :

салық органына - әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша берешектің жалпы сомасын көрсете отырып, жинақтаушы зейнетақы қорларының тізімдерін;

агенттің банкіне - әрбір жинақтаушы зейнетақы қоры бойынша жеке тұлғалардың тізімдерін ұсыну туралы жазбаша хабар (хабарлама) жібереді."

2. Осы қаулы 2004 жылғы 1 қаңтардан бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

Премьер-министрі